



**ОТБАСЫ
БАНК**

**"Отбасы банк" тұрғын үй құрылыш жинақ банкі" акционерлік
қоғамы**

**Қысқартылған аралық қаржылық ақпарат
(аудиттелмеген)**

2022 ж. 30 маусым

Мазмұны

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТ ШОЛУЫ БОЙЫНША ЕСЕП

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТ

Қаржы жағдайы туралы қысқартылған аралық есеп	1
Кірістер немесе шығындар және өзге жынтық кіріс туралы қысқартылған аралық есеп	2
Капиталдағы өзгертулер туралы қысқартылған аралық есеп	3
Ақшалай қаражаттардың қозғалыстары туралы қысқартылған аралық есеп	4

Қысқартылған аралық қаржылық акпаратқа ескерту:

1 Кіріспе	5
2 Банк өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта.....	8
3 Есеп саясаты қағидаларының қысқаша мазмұндамасы	10
4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар.....	11
5 Жаңа есеп ережелері	15
6 Ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары	16
7 Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	18
8 Клиенттерге несиeler мен алғытөлемдер	22
9 Басқа қаржы активтері және басқа да активтер	33
10 Клиенттердің қаражаттары	34
11 Қарызы қаражаттары	35
12 Басқа қаржы міндеттемелері және басқа да міндеттемелер	36
13 Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	37
14 Мемлекеттік субсидиялар	38
15 Акционерлік капитал	39
16 Пайыздық кірістер мен шығыстар	39
17 Пайда салығы	40
18 Қаржы тәуекелдерін басқару	40
19 Сараланымды талдау	50
20 Әділ құн туралы акпараттардың ашылуы	55
21 Шартты және шарттық міндеттемелер	57
22 Байланысты тараптармен жүргізетін операциялар	58
23 Акцияға түсетін пайда	63
24 Есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар.....	63



Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа шолу бойынша есеп

“Отбасы банк” тұрғын үй құрылыш жинақ банкі” акционерлік қоғамының Акционеріне, Директорлар Қеңесіне және Басқармасына:

Алғысөз

Біз “Отбасы банк” тұрғын үй құрылыш жинақ банкі” акционерлік қоғамының (әрі қарай – “Банк”) 2022 жылғы 30 маусымдағы қаржы жағдайы туралы қысқартылған аралық есебіне және сәйкесінше аталған мерзімде аяқталған үш және алты ай кезеңіндегі кірістер немесе шығындар және өзге жиынтық кіріс, сәйкесінше аталған мерзімде аяқталған алты ай кезеңіндегі меншікті капиталдағы өзгерістер туралы және ақшалай қаражаттардың қозғалыстары туралы қысқартылған аралық есебіне және тиісті түсініктеме ақпаратқа шолу өткіздік. Басшылық аталған қысқартылған аралық қаржы ақпаратын «Аралық қаржылық есептілік» Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХКЕС) 34 сәйкес дайындауға және ұсынуға жауапты. Біздің міндеттіміз бізben өткізген шолып тексеру негізінде аталған қысқартылған аралық қаржылық ақпараты бойынша қорытынды ұсыну болып табылады.

Шолып тексерудің көлемі

Біз шолуымызды «Мекеменің тәуелсіз аудитормен орындалған аралық қаржылық ақпараттарына шолу» 2410 Халықаралық шолу өткізу стандартына сәйкес өткіздік. Қысқартылған аралық қаржы ақпаратына шолу негізінен қаржы және бухгалтерлік есеп мәселелеріне жауапты тұлғаларға сауалнама жүргізуден, сонымен қатар шолу бойынша аналитикалық және өзге ресімдерді өткізуден тұрады. Шолып тексерудің көлемі Халықаралық аудит стандарттарға сәйкес орындалатын аудит көлемінен айтартылғатай аз, сондықтан шолу аудит өткізу барысында барлық маңызды мәселелер бізге мәлім болатындығына сенімді болуға мүмкіндік бермейді. Сол себепті біз өзіміздің аудиторлық пікірімізді білдірмейміз.

Қорытынды

Өткізілген шолу нәтижелері бойынша, ұсынылған қысқартылған аралық қаржылық ақпарат, барлық маңызды аспекттерінде, «Аралық қаржы есептілік» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (ХКЕС) 34 сәйкес дайындалған жоқ деп айтуға негіз болатын фактілер біздің назарымызға түспеді.

PricewaterhouseCoopers LLP

1 тамыз 2022 жыл

Алматы, Қазақстан

"Отбасы банк" Тұрғын үй құрылымы жинақ банкі" акционерлік қоғамы
Қаржысы жағдайы туралы қысқартылған аралық есеп

(қазақстандық мың теңгемен)	Еск.	2022 жылғы	2021 жылғы
		30 маусым (аудиттелмеген)	31 желтоқсан (аудиттелген)
АКТИВТЕР			
Ақшалай қаражаттары және олардың баламалары	<u>6</u>	508,813,291	595,066,321
Қаржы институттарындағы қаражат		28,000	17,000
Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	<u>7</u>	162,129,573	186,877,167
Үлестік бағалы қағаздарға инвестициялар		1,747	1,747
Клиенттерге кредиттер мен алғы төлемдер	<u>8</u>	2,394,007,524	1,999,326,511
Басқа да қаржылық активтер	<u>9</u>	2,026,409	11,450,453
Өзге де активтер	<u>9</u>	403,258	354,054
Бейматериалдық активтер		5,490,401	5,566,033
Негізгі құралдар және пайдалану құқығы нысанындағы активтер		5,196,328	5,188,019
Сатуға арналған ұзак мерзімді активтер		191,476	272,678
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		3,078,288,007	2,804,119,983
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Клиенттердің қаражаттары	<u>10</u>	2,081,135,861	1,898,429,002
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	<u>13</u>	192,405,252	191,456,190
Қарыз қаражаттары	<u>11</u>	100,244,942	78,910,328
Басқа қаржылық міндеттемелер	<u>12</u>	7,203,211	4,349,852
Ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттемелер		1,756,281	92,900
Кейінге калдырылған салықтық міндеттеме		25,860,526	25,114,446
Басқа міндеттемелер	<u>12</u>	3,189,747	2,681,864
Мемлекеттік субсидиялар	<u>14</u>	260,996,164	221,981,940
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		2,672,791,984	2,423,016,522
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	<u>15</u>	78,300,000	78,300,000
Бөлінбеген пайда		198,237,605	174,752,814
Қосымша төленген капитал		131,786,890	127,470,774
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ баға бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың қайта бағалау коры		(5,111,807)	(1,703,462)
Басқа резервтер		2,283,335	2,283,335
КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		405,496,023	381,103,461
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		3,078,288,007	2,804,119,983

* Осы жерде және әрі карай "Отбасы банк" АҚ қаржылық есептілігінде және оған ескертпелерде қандай да бір жылдың 30 маусымы деп осы жылдың 30 маусымы Алматы уақытымен 24.00 түсініледі.

2022 жылдың 01 тамызы



Бейсембаев Мирас Ерікович
Баскарма Төрайымының м.а.

Килтбаева Жанерке Алмасбековна
Бас бухгалтер

"Отбасы банк" Тұрғын үй құрылыш жиынтақ банкі" акционерлік қоғамы
Kірістер немесе шығындар және өзге жиынтық кіріс туралы қысқартылған аралық есеп

(қазақстандық мың теңгемен)	Есек.	30 маусымда аяқталған, ушай бойынша		30 маусымда аяқталған, алтыншай бойынша	
		2022 ж. (аудиттелмеген)	2021 ж. (аудиттелмеген)	2022 ж. (аудиттелмеген)	2021 ж. (аудиттелмеген)
Тиімді пайыздық мөлшерлеме тәсілі бойынша есептелген пайыздық кірістер	<u>16</u>	64,116,505	43,143,819	121,090,607	80,156,805
Пайыздық және үксас шығыстар	<u>16</u>	(21,161,329)	(13,863,071)	(39,582,420)	(24,335,400)
Таза пайыздық маржа және үксас кірістер		42,955,176	29,280,748	81,508,187	55,821,405
Кредиттік зияндар бойынша (шығыстар)/ кредиттік зияндар бойынша шығыстарды калпына келтіру	<u>6.7.8</u>		(211,576)	1,858,010	1,549,458
Таза пайыздық маржа және кредиттік залалдарға резерв құрганнан кейінгі үксас кірістер		42,743,600	31,138,758	83,057,645	53,682,428
Мемлекеттік субсидиядан тұсken кіrіster	<u>14</u>	4,164,347	3,876,551	9,638,790	8,410,498
Комиссиалық кіrіster		761,777	515,346	1,241,997	899,486
Комиссиалық шығыстар		(1,992,455)	(1,462,824)	(3,737,648)	(2,925,135)
Нарықтық бағадан томен мөлшерлемелер бойынша қаржы құралдарын бастапқы тану кезіндегі түннідайтын кіrіsterді шегергендегі шығыстар		(6,123,264)	(5,858,398)	(12,727,222)	(11,453,619)
Өзге жиынтық кіrіс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар бойынша шығыстарды шегергендегі кіrіster		52	311	501	18,842
Шетел валютасымен операциялар бойынша шығыстарды шегергендегі кіrіster		4,726	5,092	31,481	7,771
Кіrіsterді шегергендегі басқа операциялық шығыстар		(711,314)	(679,339)	(1,202,786)	(999,732)
Әкімшілік шығыстар		(5,457,234)	(4,976,152)	(11,828,324)	(11,605,705)
Салық салғанға дейінгі пайда		33,390,235	22,559,345	64,474,434	36,034,834
Табыс салығы бойынша шығыстар	<u>17</u>	(4,202,093)	(3,153,579)	(8,112,178)	(4,530,823)
Таза пайда		29,188,142	19,405,766	56,362,256	31,504,011
Басқа жиынтық кіrіс/(шығын): <i>Кейіннен пайда немесе шығын құрамына қайта есіктелуі мүмкін болтар:</i>					
Басқа да жиынтық кіrіс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар бойынша таза (шығыстар)/кіrіster		(138,909)	(389,452)	(3,407,844)	422,725
Шығу нәтижесінде пайда мен шығындар туралы есепке көшірілген басқа да жиынтық кіrіс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар бойынша таза (шығыстар)/кіrіster		(52)	(311)	(501)	11,129
Басқа жиынтық кіrіс / (шығыс)		(138,961)	(389,763)	(3,408,345)	433,854
Кезең ішіндегі жиынтық кіrіstін жиынтыбы		29,049,181	19,016,003	52,953,911	31,937,865
Банк акционеріне тиесілі пайдалар үшін акцияға түсестін базалық және молайтылған пайда (акция үшін қазақстандық теңгемен)	<u>23</u>	3,728	2,478	7,198	4,024

5-беттен 64-бетке дейінгі ескертпелер осы каржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**"Отбасы банк" тұрғын үй құрылымы жинақ банкі " акционерлік қоғамы
Менишікті капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған аралық есеп**

(қазақстандық мың теңгемен)	Акционерлік капитал	Көсімша төленген капитал/ Бизнесі біркітіру кезіндегі резерв	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздардың қайта бағалау бойынша резерв	Басқа резервтер	Бөлінбекен пайда	Капитал жиыны
2021 ж. 1 қантардағы қалдық	78,300,000	95,406,389	(2,204,346)	2,283,335	108,997,942	282,783,320
Алты ай ішіндегі пайда	-	-	-	-	31,504,011	31,504,011
Басқа жиынтық кіріс	-	-	433,854	-	-	433,854
Кезең бойынша көрсетілген жиынтық кіріс жиыны	-	-	433,854	-	31,504,011	31,937,865
Қазақстан Республикасы Үкіметінен және жергілікті атқарушы органдарынан қарыздар бойынша дисконтты тану, 6,729,496 мың теңге мөлшеріндегі кейінге қалдырылған салықтық әсерді шегергенде	-	26,917,985	-	-	-	26,917,985
2021 ж. 30 маусымдағы қалдық (аудиттелмеген)	78,300,000	122,324,374	(1,770,492)	2,283,335	140,501,953	341,639,170
2022 ж. 1 қантардағы қалдық	78,300,000	127,470,774	(1,703,462)	2,283,335	174,752,814	381,103,461
Алты ай ішіндегі пайда	-	-	-	-	56,362,256	56,362,256
Басқа жиынтық зиян	-	-	(3,408,345)	-	-	(3,408,345)
Кезең бойынша көрсетілген жиынтық кіріс жиыны	-	-	(3,408,345)	-	56,362,256	52,953,911
Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарынан қарыздар бойынша дисконтты тану, 1,079,029 мың теңге мөлшеріндегі кейінге қалдырылған салықтық әсерді шегергенде	-	4,316,116	-	-	-	4,316,116
Жарияланған дивидендер	-	-	-	-	(32,877,465)	(32,877,465)
2022 ж. 30 маусымдағы қалдық (аудиттелмеген)	78,300,000	131,786,890	(5,111,807)	2,283,335	198,237,605	405,496,023

5-беттен 64-бетке дейінгі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас болігі болып табылады.

"Қазақстанның тұргын үй құрылтыс жинақ банкі" акционерлік қоғамы
Ақшалай қаражатының қозғалысы туралы қысқартылған аралық есеп

(қазақстандық мың теңгемен)	Ескерт.	Аяқталған алты ай бойынша	
		2022 жылғы 30 маусым	2021 жылғы 30 маусым
		(аудиттелмеген)	(аудиттелмеген)
Операциялық қызметтөн ақшалай қаражат			
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген, алынған пайыздық кірістер		117,761,866	78,148,853
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген, төленген пайыздар		(19,415,259)	(9,645,238)
Алынған комиссиялар		1,238,414	899,486
Төленген комиссиялар		(4,143,658)	(3,206,071)
Персоналды ұстауға толенген шығыстар		(6,353,531)	(5,946,975)
Төленген әкімшілік және басқа операциялық шығыстар		(4,678,723)	(4,183,828)
Табыс салығын төлегенге дейінгі операциялық қызметтөн ақшалай қаражатының таза ағындары		84,409,109	56,066,227
Төленген пайда салығы		(6,781,746)	(1,356,426)
Операциялық активтер мен міндеттемелдердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтөн алынған ақшалай қаражаттар			
Төмендегілер бойынша таза (өсім)/төмендеу:		77,627,363	54,709,801
- басқа банктердегі қаражаттар		(11,000)	-
- клиенттерге кредиттер және алғытелеудер		(399,350,189)	(205,131,680)
- басқа қаржылық активтер		(2,905)	3,387,474
- басқа активтер		(108,923)	(324,892)
Төменгілер бойынша таза (төмендеу)/өсім:			
- клиенттердің қаражаттары		176,242,289	331,091,261
- басқа қаржылық міндеттемелер		3,054,839	(115,033)
- басқа міндеттемелер		861	9,083
Операциялық қызметтөн түскен таза ақшалай қаражаттар		(142,547,665)	183,626,014
Инвестициялық қызметтөн түсетін ақшалай қаражаттары			
Негізгі құралдарды сатып алу		(413,774)	(380,943)
Бейіматериалдық активтерді сатып алу		(584,740)	(727,787)
Негізгі құралдарды сату		73,318	89
Өзгеде жыныстық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды сатып алу		-	(7,761,778)
Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін борыштық бағалы қағаздарға инвестицияларды сатып алу		(63,497,565)	(17,012,342)
Өзгеде жыныстық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардың шығуынан түсетін түсімдер		28,643,488	22,008,970
Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін борыштық бағалы қағаздарды отеуден түскен түсімдер		53,000,000	54,750,000
Инвестициялық қызметтөн/(пайдаланылған) алынған таза ақшалай қаражаты		17,220,727	50,876,209
Қаржы қызметтін түсетін ақшалай қаражаттар			
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен қарыздар алу		51,000,000	82,000,000
Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдардан қарыздар алу		7,050,000	7,000,000
Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдардан қарыздарды өтеу		(1,000)	(1,000)
"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ "АҚ қарызды өтеу		-	(5,003,790)
Азия Даму Банкінен қарыздар алу		14,000,000	8,400,000
Басқа үйімдардан қарыздар алу		116,000	-
Басқа үйімдардан қарыздарды өтеу		-	(9,100)
Борыштық бағалы қағаздар шығарудан түсетін түсімдер		-	140,000,000
Акционерге төленген дивидендер	15	(32,877,465)	-
Ұзақ мерзімді жалдау	12	(244,542)	(152,116)
Қаржы қызметтін алынған таза ақшалай қаражаттар		39,042,993	232,233,994
Айырбастау бағамының өзгеріүінін ақша бағамына асері құралдар және олардың баламалары		30,915	7,661
Ақшалай қаражаты мен оның баламаларының таза осімі (жылыштауы)			
Кезең басындағы ақшалай қаражаты және олардың баламалары	6	(86,253,030)	466,743,878
Кезең сонындағы ақшалай қаражаты және олардың баламалары		595,066,321	138,257,892
		508,813,291	605,001,770

**"Отбасы банк" тұрғын үй құрылымы жинақ банкі " акционерлік қоғамы
Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа ескертпелер - 2022 жылғы 30 маусым**

**2022 жылғы 30 маусымда аяқталған 6 ай үшін "Отбасы банк" тұрғын үй құрылымы
жинақ банкі" акционерлік қоғамының қысқартылған аралық
қаржылық ақпаратына түсіндірме жазба:**

1 Кіріспе

"Отбасы банк" тұрғын үй құрылымы жинақ банкі" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – "Банк") осы қаржылық есептілігі 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалды.

Банк Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылымы жинактары жүйесін дамыту мақсатында жарғылық капиталына мемлекет 100% қатысатын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 16 сәуірдегі №364 қауалысының негізінде құрылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы №571 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 Қауалысына сәйкес Банк акцияларының пакеті "Бейтерек "Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ орналастырылатын акцияларына ақы төлеуге берілді.

Банктің жалғыз акционері "Бейтерек "Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ болып табылады (бұдан әрі - "Бас компания "немесе"Акционер").

Қазақстан Республикасының Үкіметі Банктің түпкілікті бақылаушы тарабы болып табылады. Байланысты тараптармен операциялар туралы ақпарат 22-Ескертпеде берілген.

Банк елдегі тұрғын үй құрылымы жинактары жүйесін іске асыратын жалғыз банк болып табылады.

Банк Еуропалық құрылымы жинақ кассаларының федерациясы мен Халықаралық тұрғын үйді қаржыландыру одағында тұрады.

Негізгі қызметі

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі берген 2021 жылғы 20 сәуірдегі № 1.2.102/47 лицензияға сәйкес Банктің келесілерді жузеге асыруға құқығы бар: тұрғын үй құрылымы жинақ ақшасына салымдарды (депозиттерді) қабылдау, салымшылардың шоттарын ашу және жүргізу; салымшыларға тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге тұрғын үй, аралық тұрғын үй және алдын ала тұрғын үй қарыздарын беру жөніндегі қызметті жүзеге асыру; кондоминиум нысанының ортақ мүлкін күрделі жөндеуге акша жинақтайтын салымшылардың банктік шоттарын ашу және жүргізу және оларға тұрғын үй қарыздарын беру; тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында біржолғы зейнетакы төлемдерін есепке алу үшін жеке тұлғалардың ағымдағы банктік шоттарын ашу және жүргізу жөніндегі операциялар; кассалық операциялар (қолма-қол ақшаны ұсактауды, айырбастауды, қайта есептеуді, сұрыптауды, буып-түюді және сактауды қоса алғанда, кабылдау және беру); аударым операциялары (жеке және заңды тұлғалардың төлемдерін жүргізу); шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізу; заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу және жүргізу; емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетакы төлемдерін есепке алу үшін жеке тұлғалардың ағымдағы банктік шоттарын ашу және жүргізу; меншікті бағалы қағаздарды (акцияларды қоспағанда) шығару; сенімгерлік операциялар (сенім білдірушінің мүддесі үшін және оның тапсырмасы бойынша банктік қарыздар бойынша құқықтарды басқару). Сондай-ақ клиенттердің шоттарын жүргізу құқығының бағалы қағаздар нарығында дилерлік қызметті жүзеге асырады.

Банктің миссиясы қазақстандық отбасыларды жеке баспанамен қамтамасыз ету және Отандық сезімдерін нығайту болып табылады.

Банктің 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілігі және аудиторлық есеп Банктің ресми сайтында "Банк туралы" - "Есептілік" бөлімінде орналастырылған.

**"Отбасы банк" тұрғын үй құрылымы жинақ банкі " акционерлік қоғамы
Қысқартылған аралық қаржысылық ақпаратқа ескертпелер - 2022 жылғы 30 маусым**

1 Кіріспе (жалғасы)

Одан әрі даму және тұракты өсу үшін банк оның өнімдерінің қолжетімділігі, клиенттерге қызмет көрсету сапасын арттыру, төлемдерді қабылдаудың балама арналарын көнегіту және АТ инфрақұрылымын дамыту бойынша тұракты жұмыс жүргізеді.

2021 жылдан бастап Банк тұрғын үйді есепке алады, қоюды және бөлуді орталыктандырып жүзеге асыратын толыққанды институтқа айналды. Ол үшін қолданыстағы кезектілік жүйесін жергілікті атқарушы органдардан "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" бөлімшесіне беру бойынша жұмыс жүргізілуде, ол тұрғын үйге мұқтаж барлық азаматтар үшін "бір терезе" қағидасы бойынша жұмыс істеуді жоспарлап отыр. Осылайша, тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың тұрғын үй алу рәсімі женелдетіледі. Банктің дамыған инфрақұрылымы, ақпараттық және технологиялық ресурстары азаматтарды, бірінші кезекте халықтың әлеуметтік осал топтарын тұрғын үймен қамтамасыз ету процесін жеделдетеді, кезектілікті басқару мүмкіндігін көнегітеді, бұл ретте банк тұрғын үй құрылымы жинақтары жүйесі шенберінде өзінің негізгі қызметін жалғастырады.

Қазақстан Республикасының Президенті К. К. Тоқаевтың 2022 жылдың алты айында зейнетакы жинақтарын мерзімінен бұрын алу құқығын қазақстандықтарға enpf-otbasy.kz платформасы арқылы пайдалануға мүмкіндік беретін Жарлығына сәйкес тұрғын үй жағдайын жақсарту және емделу ақысын төлеу үшін 444,000-нан астам казақстандықтың жалпы сомасы 785 млрд. тенгеден асатын зейнетакы жинақтарын пайдаланды. Бұғынгі таңда 82 мың қазақстандық тұрғын үй иесі атанды, тағы 43 мыңға жуығы ипотекалық қарыздар бойынша берешектерін етеген, 137 мыңнан астам казақстандық одан әрі жинақтау және қарыз алу үшін ТҚЖ салымдарын толықтырган және 180 мыңға жуығы зейнетакылық артылған қаражатты емделуге пайдаланған. Оның ішінде 41% - әйелдер (183,103 адам), ал 59% - ерлер (261,042 адам). 2022 жылдың алты айында 3,689 қазақстандық өздерінің біржолғы зейнетакы төлемдерін қайтала мағлұм жағдайда "Отбасы банк" АҚ арқылы ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін пайдаланды. Қалған 1,382 қазақстандық бастапқы нарықта тұрғын үй сатып алады жөн көрді.

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша қолданыстағы тұрғын үй саясатына реформа жүргізілуде, оның шенберінде 2022 жылдан бастап табысы отбасының әрбір мүшесіне шаққанда ең төмен күнкөріс деңгейінен 1-ден төмен болып табылатын, тұрғын үйге мұқтаж деп танылған азаматтарға жеке тұрғын үй корынан тұрғын үйді жалға алуға ақы төлеу мақсатында өтемакы (субсидиялар) төлеу үшін бюджеттен қаражат болінеді, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық халықтың осал топтарына жататын көпбалалы отбасылар, 1 және 2 топтағы мүгедектер, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығының көлігінде балалар, мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылар. Мемлекеттің осы қолдауы шенберінде Банк қаржы операторы болып табылады және алушыларға төлемдерді тағайындауды, жүзеге асыруды, токтатуды және қайта бастауды жүзеге асырады.

2003 жылдан бастап және 2022 жылдың алты айы ішінде Банк 4,175.45 миллиард теңге сомасына 396,679 қарыз берді, жұмыс істей бастағаннан бері 12,902.98 миллиард теңге шарттық сомамен 3,751.05 мың шарт жасалды.

2022 жылдың бірінші жартыжылдығында Банк қызмет көрсету сапасын жақсарту және халықтың қалың жігін жеке тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін келесі жобаларды енгізді:

1. Жамбыл облысының жастарына "Әулиеата жастары" женелдікпен кредит беру шарттары бекітілді.
2. "Ипотекалық консьєрж-сервис" бейнебанкинг қызметі арқылы кредиттік өтінімдерді қабылдау жүйесі енгізілді.
3. Шығыс аудиожазбаларды жүзеге асыру үшін зияткерлік дауыстық робот енгізілді.
4. Жеке тұрғын үй корынан жалға алынған тұрғын үй үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер тағайындау және жүзеге асыру қағидалары бекітілді.

Tіркелген мекенжайы және қызметті жүргізу орны. Банк келесі мекен-жайды тіркелген: Алматы қаласы, А05A2X0, Абылай хан даңғылы, 91, Қазақстан Республикасы.

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Банктің Қазақстан бойынша 18 өнірлік филиалы және 20 Қызмет көрсету орталығы бар және Қазақстан бойынша 3 қызмет көрсету нүктесі (2021 жылы: Қазақстан бойынша 18 өнірлік филиал мен 19 қызмет көрсету орталығы және 3 қызмет көрсету нүктесі) бар.

**"Отбасы банк" тұрғын үй құрылымың жинақ банкі " акционерлік қозамы
Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа ескертпелер - 2022 жылғы 30 маусым**

1 Кіріспе (жалғасы)

Осы есептілікті шығару күніне банкте дамыған консультанттар желісі (агенттік желі), сондай-ақ бейнебанкинг жұмыс істейді, олар арқылы клиенттер Банктің өнімдері мен қызметтері бойынша кеңес беру қызметтерін ала алады, банкке бармай-ақ онлайн режимінде депозиттер аша алды, қызметтердің тізбесін қашықтықтан алу тәсілімен ала алды.

Банк "Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру коры"АҚ берген № 25 күнінде сәйкес жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндettі ұжымдық кепілдік беру (сактандыру) жүйесінің қатысушысы болып табылады. Сактандыру қызметі тоқтатылған немесе банк қызметін жүзеге асыруға берілген лицензия қайтарып алынған жағдайда әрбір жеке тұлға үшін 10,000 мың теңгеге дейінгі сомаға жеке тұлғалардың салымдары бойынша Банктің міндettемелерін қамтамасыз етеді.

Казакстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы № 162 қаулысына сәйкес Банкке қаржы агенттігі мәртебесі берілді.

Қаржы агенттігінің мәртебесіне сәйкес республикалық бюджеттен қарызы қаражатын банк Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 1844 қаулысына сәйкес қамтамасыз етуді ұсынбай тартты.

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша:

Moody 's рейтингтік агенттігі Банкке келесі рейтингтерді берді:

- Ұлттық валютадағы депозиттер бойынша ұзак мерзімді рейтинг: Baa2 (Тұрақты);
- Ұлттық валютадағы депозиттер бойынша қыска мерзімді рейтинг: Prime-2 (Тұрақты);
- Кредиттік қабілеттіліктің базалық бағалануы (BCA): ba2 (Тұрақты).

Fitch Ratings рейтингтік агенттігі (бұдан әрі - "Fitch") Банкке мынадай рейтингтерді берді:

- Ұлттық валютадағы эмитент дефолтының ұзак мерзімді рейтингі (ЭДР): BBB/ Тұрақты;
- Ұлттық валютадағы қыска мерзімді ЭДР: F2 / Тұрақты.

2021 жылғы 31 желтоқсанға арналған:

Moody 's рейтингтік агенттігі Банкке келесі рейтингтерді берді:

- Ұлттық валютадағы депозиттер бойынша ұзак мерзімді рейтинг: Baa2 (Тұрақты);
- Ұлттық валютадағы депозиттер бойынша қыска мерзімді рейтинг: Prime-2 (Тұрақты);
- Кредиттік қабілеттіліктің базалық бағалануы (BCA): ba2 (Тұрақты).

Fitch рейтингтік агенттігі Банкке мынадай рейтингтерді берді:

- Ұлттық валютадағы эмитент дефолтының ұзак мерзімді рейтингі (ЭДР): BBB/Тұрақты;
- Ұлттық валютадағы қыска мерзімді ЭДР: F2/Тұрақты

Esen беру валютасы. Егер өзгеше көрсетілмесе, осы қаржылық есептілік Қазақстан теңгесінде (бұдан әрі – "теңге") ұсынылды.

Функционалдық валюта. Банктің функционалдық валютасы және есептілікті ұсыну валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы, қазақстанның теңге болып табылады.

2 Банк өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта

Қазіргі уақытта геосаяси дағдарыс инфляциялық процестердің қалыптасуына және әлемдегі экономикалық белсенділікке әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып қалып отыр. Үш айдан астам уақыт өткен Украинадағы оқиғалардың салдары пандемия кезінде басталған әлемдегі логистикалық және өндірістік тізбектерге қатысты мәселелерді ушықтырды. Ресейге енгізілген санкцияларга байланысты ұсыныс тапшылығы туралы күтупер аясында энергия бағасының белсенді өсуі жалғасты. Мәселен, Brent маркалы мұнай бағасы 2022 жылғы қантарда баррелі үшін 86,5 АҚШ долларынан 2022 жылғы сәуірде 104,6 АҚШ долларына өсті (20,9%-ға өсті). Әлемде азық-түлік бағасының айтарлықтай өсуі сакталуда.

Қазақстанның негізгі сауда әріптері болып табылатын және бұдан басқа, тауарлардың кең номенклатурасын (астықтың 30%-ы және күнбағыс майының 50%-дан астамы) әлемдік нарыққа жеткізуде салмақты рөл атқаратын елдер арасындағы әскери шиеленістің қүшеюі тұтынушылық нарықта қүшті инфляциялық қысым жасайды, онда жаңжалға дейінгі бағаның өсуінің айтарлықтай жеделдеуі байқалды. Сарапшылардың пікірінше, ағымдағы жылы сыртқы құйzelістер көвидтік жылға қарағанда тұтынушылық бағаларға қатты әсер етеді – инфляция қазіргі уақытта жеті жылдық максимумға жетті, бағаның одан әрі динамикасына қатысты белгісіздік бір жыл бұрынғыға қарағанда әлдеқайда жоғары.

2022 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан экономикасы 3,4%-ға өсті. Экономиканың барлық негізгі салалары өсуде, бірақ кейбір салаларда баяулау байқалады. Мәселен, Қашаған кең орнындағы жөндеу жұмыстарына байланысты тау-кен өнеркәсібінің өсуі баяулады. Сонымен бірге, сауда көрсеткіштері инфляциялық процестердің жеделдеуіне қарамастан тұрақты сұранысты көрсетеді. Жыныстық сұраныс елеулі мемлекеттік шығыстармен ынталандырылады, олардың жылдық өсуі жеделдейді және маусымда 18,7%-ды қурады. Бұл маңызды проинфляциялық фактор болып табылады және монетарлық жағдайларды тиісті реттеуді талап етеді.

2022 жылғы 25 сәуірде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені +/- 1,00 п.т. пайыздық дәлізімен жылдық 14% деңгейінде белгілеу туралы шешім қабылдады, 6 маусымда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі базалық мөлшерлеме бойынша кезекті отырыс өткізді, онда оны бұрынғы 14% деңгейінде сактап қалды. Шешім қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективада инфляция тауекелдерінің ағымдағы балансын ескере отырып, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жаңартылған болжамдарын ескере отырып қабылданды. Реттеуші жаңа құйzelістер болмаған кезде базалық мөлшерлеменің осы деңгейі 2024 жылға қарай инфляцияның бірқалыпты төмөндеуін қамтамасыз етеді, ал акша-кредит жағдайларын қалыпта келтіру 2023 жылы инфляциялық процестердің баяулауына қарай жүргізілетін болады деп есептейді.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бүросының бағалауы бойынша, әлеуметтік салада 2022 жылғы сәуірде өткен жылдың сәуірімен салыстырғанда нақты ақшалай кірістердің 1%-ға төмөндеуі тіркелді. Қазақстанда орташа айлық жалақы 2022 жылғы мамырда өткен жылдың мамырымен салыстырғанда номиналды мәнде 14,8%-ға ұлғайып, 286,936 мың теңгені қурады. Алайда нақты өзгеріс бар болғаны 0,7%-ды қурады.

Банктердің экономиканы кредиттеу көлемі 2022 жылғы маусымның сонында бір айда 2,7 % -ға ұлғайып, 20,050.8 млрд.тенгени қурады (жылдық мәнде өсім 27,5%-ды қурады). Занды тұлғаларды кредиттеу бір айда 2,4%-ға, 8,080.9 млрд.тенгеге дейін, жеке тұлғаларды - 2,9%-ға, яғни 11,969.9 млрд. тенгеге дейін өсті.

Ұлттық валютадағы кредиттер көлемі бір айда 1,9%-ға, 18,245.9 млрд.тенгеге дейін ұлғайды. Олардың құрылымында занды тұлғаларға кредиттер 0,1%-ға төмөндейді, жеке тұлғаларға - 2,9%-ға өсті. Шетел валютасындағы кредиттер көлемі 11,8%-ға, 1,804.9 млрд.тенгеге дейін ұлғайды. Ұзақ мерзімді кредиттер көлемі бір айда 2,8%-ға, 16,599.8 млрд.тенгеге дейін, қысқа мерзімді кредиттер көлемі - 2,1%-ға, 3,451 млрд. тенгеге дейін ұлғайды. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2022 жылғы маусымда 4,5%-ға, 4,168.1 млрд.тенгеге дейін өсті (корпоративтік сектор кредиттерінің жалпы көлемінің 51,6% - ы).

2022 жылғы маусымда банктік емес занды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйакы мөлшерлемесі 15,8%-ды (2021 жылғы маусымда – 11,6%), жеке тұлғаларға - 17,2%-ды (16,6%) қурады.

**"Отбасы банк" тұрғын үй құрылыш жинақ банкі " акционерлік қоғамы
Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа ескертпелер - 2022 жылғы 30 маусым**

2 Банк өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта (жалғанды)

Резиденттердің депозиттік үйімдердағы депозиттерінің көлемі 2022 жылғы маусымның сонында бір айда 7,6% - ға ұлғайып, 27,162.9 млрд.тенгенің құрады (жылдық мәнде есім 8,1% - ды құрады). Занды тұлғалардың депозиттері маусым айында 8,2% - ға, 13,801.2 млрд.тенгеге дейін ұлғайды, жеке тұлғалардың депозиттері 7,0% - ға, 13,361,7 млрд.тенгеге дейін өсті. Ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі маусым айында 4,5% - ға, 17,581.2 млрд.тенгеге дейін, шетел валютасында 13,9%-ға, 9,581.7 млрд.тенгеге дейін өсті. Долларландыру деңгейі 2022 жылғы маусымның сонында 35,3%-ды (2021 жылғы желтоқсанда-36,0%) құрады.

Занды тұлғалардың ұлттық валютадағы депозиттері 2022 жылғы маусымда 3,2% - ға, 8,715.6 млрд.тенгеге дейін өсті, шетел валютасында 18,1% - ға, 5,085.6 млрд.тенгеге дейін өсті (занды тұлғалар депозиттерінің 36,8% - ы). Жеке тұлғалардың тенгедегі депозиттері 5,8% - ға, 8,865.6 млрд.тенгеге дейін ұлғайды, шетел валютасында 9,5% - ға, 4,496.1 млрд.тенгеге дейін өсті (жеке тұлғалар депозиттерінің 33,6% - ы). Мерзімді депозиттердің көлемі маусым айында 7,6% - ға ұлғайып, 18,225.8 млрд.тенгенің құрады. Олардың құрылымында ұлттық валютадағы салымдар 11,950 млрд.тенгені, шетел валютасындағы салымдар 6,275.8 млрд.тенгені құрады.

Банктік емес занды тұлғалардың ұлттық валютадағы мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйакы мөлшерлемесі 2022 жылғы маусымда 11,6% (2021 жылғы маусымда - 7,3%), жеке тұлғалардың депозиттері бойынша - 11,4% (8,6%) құрады.

2022 жылғы қантар - мамырда тұрғын үй құрылышына 925 млрд.тенге бағытталды. Негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінде тұрғын үй құрылышында игерілген қаражаттың үлесі 22,3% - ды құрады. 2022 жылғы қантар - мамырда тұрғын үй құрылышын қаржыландырудың негізгі көзі құрылым салушылардың меншікті қаражаты болып табылады, олардың үлес салмағы 85,3% - ды құрайды.

2022 жылғы қантар-маусымда тұрғын үй құрылышына 1,205 трлн. бұл 2021 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 18,8%-ға артық. Ағымдағы жылғы қантар-маусымда тұрғын үй гимараттарының жалпы санынан жалпы ауданы 3,565.5 мың шаршы метр 488 көппәтерлі үй пайдалануға берілді, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіне 100,5% - ды құрады; жалпы ауданы 2,983.3 мың шаршы метр 17,270 жеке тұрғын үй. 2022 жылғы қантар - маусымда тұрғын үйдің жалпы алаңының 1 шаршы метрін салуға жұмсалатын орташа нақты шығындар 7,9% - ға өсті.

Мұнайдың жоғары бағасы және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылданған валюта нарығын тұрактандыру жөніндегі шаралар аясында 2022 жылғы ақпан-наурызда тенгенің айырбас бағамы бір АҚШ доллары үшін 512,2 тенгенің ең жоғары мәнінен едәуір нығайды. АҚШ доллары үшін 15 наурызда 415,16 тенгеге дейін 2022 жылғы мамырдың сонына дейін. Маусым айында тенге бағамының әлсіреуі байқалды және 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі долларының ресми бағамы 465,08 тенгені құрады.

Қантар оқиғаларынан кейін Қазақстан экономикасын қалпына келтіру және қайта жүктеу бойынша қабылданған шаралар шенберінде Банк негізгі қызметі шенберінде жұмысын жалғастыруда, сонымен қатар мемлекеттің халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі әлеуметтік міндеттерін іске асыру мақсатында жергілікті атқарушы органдармен (бұдан әрі - ЖАО) жұмыс жүргізілуде. Қазіргі уақытта Қарағанды облысының ЖАО-мен, Нұр-Султан, Алматы қалаларымен және Тараз, сондай-ақ Атырау облысымен шарт жасасу жоспарлануда, оның шенберінде Банк салымшыларына жеңілдікті шарттар бойынша тұрғын үй қарыздарын беру үшін Банкке қаражат болінетін болады. Таартудың жалпы сомасы 19,8 млрд.тенгені құрайды. Бұдан әрі Банк басқа облыстардың ЖАО-мен осындай жұмысты жалғастырады. Сондай-ақ, Банк мемлекеттік органдармен бірлесіп даму әлеуеті төмен монокалалардың тұрғындары үшін жеңілдетілген ипотека бағдарламасын әзірлеуде.

2022 жылғы 17 маусымда Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі Қазақстан Республикасының егемен кредиттік рейтингіn "BBB" деңгейінде раставы, болжам - "тұракты". Орта мерзімді перспективада ағымдағы шоттың профицитімен колдау көрсетілетін елдін елеулі сыртқы резервтері кредиттік рейтингті сактаудың негізгі факторы бұрынғысынша қалып отыр. Fitch Ratings бағалауы бойынша Қазақстанның таза сыртқы резервтері 2021 жылдың сонында ЖІӨ-нің 37%-ын құрады, бұл салыстырмалы кредиттік рейтингі бар елдер тобы бойынша медиандық көрсеткіштен едәуір асады. Агенттік елдегі қантар айындағы оқиғаларға, геосаяси тәуекелдердің іске асырылуына және Ресейге қатысты санкциялардың енгізілуіне қарамастан, бұл факторлардың әсері Негізгі экспорттық тауарларға неғұрлым жоғары бағалармен және Төңіз кен орнының кеңеюіне байланысты 2024 жылдан бастап мұнай өндірудің ұлғаюымен тенгерімделетінін атап өтті.

**"Отбасы банк" тұрғын үй құрылымы жинақ банкі " акционерлік қоғамы
Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа ескертпелер - 2022 жылғы 30 маусым**

3 Есеп саясаты қағидаларының қысқаша мазмұндамасы

Есептілікті ұсыну негіздері. Осы қысқартылған аралық қаржылық ақпарат ХКЕС (IAS) 34 "Аралық қаржылық есептілікке" сәйкес дайындалды және оны халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына бірге карау керек. Осы қысқартылған аралық қаржылық ақпаратты дайындауда қолданылатын есеп саясаты мен есептеу әдістері 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жылдық қаржылық есептілікпен мен есептеу әдістері 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Банктің жылдық қаржылық қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде дайындауды. Банк операцияларының маусымдылығы мен циклділігі жок.

Аралық кезеңге арналған салық салудың бағалануы. Аралық кезеңнің табыс салығының шығыстары салық салудың тиімді мөлшерлемесі негізінде есептеледі, ол толық қаржы жылында күтілген пайда сомасына қолданылуы мүмкін, яғни табыс салығының орташа алынған тиімді жылдық мөлшерлемесі салықты төлегенге дейінгі аралық кезең үшін кіріс сомасына қолданылады.

Өтімділік тәртібімен қаржылық жағдай туралы есептің баптарын ұсыну. Банкте нақты анықталған операциялық цикл жок, сондықтан Банк қаржылық жағдай туралы есепте қысқа мерзімді және ұзак мерзімді активтер мен міндеттемелерді бөлек ұсынбайды. Оның орнына активтер мен міндеттемелер 18-ескертпеде күтілетін өтеве мерзімдері бойынша берілген.

Төмендегі кестеде 18-ескертпеде ұсынылған талдауга енгізілмеген баптар үшін Есепті кезең аяқталғанға дейін немесе аяқталғаннан кейін 12 ай өткенге дейін өтеве ге немесе өтеве ге күтілетін сомалар туралы ақпарат берілген.

	2022 ж. 30 маусым (аудиттелмеген)			2021 ж. 31 желтоқсан (аудиттелген)		
	Өtelуі/жабылуы күтіletіn сомалар		Жиыны	Өtelуі/жабылуы күтіletіn сомалар		Жиыны
	Есептік кезең аяқталған соң 12 ай ішінде	Есептік кезең аяқталған соң 12 ай өткен соң		Есептік кезең аяқталған соң 12 ай ішінде	Есептік кезең аяқталған соң 12 ай өткен соң	
Беймемділдік активтер	-	5,490,401	5,490,401	-	5,566,033	5,566,033
Негізгі куралдар	-	4,543,562	4,543,562	-	4,634,916	4,634,916
Пайдалану құдьығы нысанындағы активтер	-	652,766	652,766	-	553,103	553,103
Басқа да активтер	403,258	-	403,258	354,054	-	354,054
Сатуға арналған ұзак мерзімді активтер	191,476	-	191,476	272,678	-	272,678
Жиыны:	594,734	10,686,729	11,281,463	626,732	10,754,052	11,380,784
МИНДЕТТЕМЕЛЕР						
Пайдала салық бойынша ағымдағы міндеттемелер	1,756,281	-	1756,281	92,900	-	92,900
Кейінгі калдырылған салықтық міндеттемелер	(636,748)	26,497,274	25,860,526	(594,692)	25,709,138	25,114,446
Мемлекеттік субсидиялар	4,374,723	256,621,441	260,996,164	45,678,402	176,303,538	221,981,940
Басқа да міндеттемелер	3,189,747	-	3,189,747	2,681,864	-	2,681,864
Жиыны:	8,684,003	283,118,715	291,802,718	47,858,474	202,012,676	249,871,150

4 Есеп саясатын колданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар

Банк қаржылық есептіліктегі көрсетілетін сомаға және келесі қаржы жылдындағы активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына әсер ететін бағалау жүргізеді және жол берулер жасайды. Бағалау мен пайымдау басшылықтың тәжірибесі және басқа да факторлар негізінде үнемі талданады, соның ішінде басшылықтың пікірі бойынша ағымдағы жағдайлар тұрғысынан негізделген болашақ оқиғаларға кәтисты құтулер. Есеп саясатын қолдану барысында басшылық пайымдау мен бағалауды да колданады. Қаржылық есептіліктегі көрсетілетін сомаларға неғұрлым елеулі әсер ететін пайымдаулар және олардың нәтижесі келесі қаржы жылы ішіндегі активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын елеулі түзету болуы мүмкін бағалаулар мыналарды қамтиды:

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау. Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау-сандық бағалау, оны алу үшін 2021 жылғы 31 желтоқсандағы бағалау әдіснамасы, модельдері мен бастапқы деректері пайдаланылады. Мынадай компоненттер кредиттік шығындарға арналған бағалау резервіне елеулі әсер етеді: дефолтты айқындау, кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы, дефолт ықтималдығы, дефолт тәуекеліне ұшырау және дефолт жағдайында шығын мөлшері, сондай-ақ макроэкономикалық сценарийлер модельдері. Банк болжамды кредиттік шығындар мен кредиттер бойынша нақты шығындар арасындағы алшақтықты азайту мақсатында модельдер үшін модельдер мен бастапқы деректерді үнемі тексереді және растайды.

Банк болжамды ақпаратты күтілетін кредиттік шығындарды, негізінен өзінің болжамды макроэкономикалық моделінің нәтижелерін бағалау үшін пайдаланады. Банк макроэкономикалық функцияларды жыл сайынғы негізде тексереді, өйткені макроэкономикалық тәуелділік уақыт өте келе өзгеру мүмкін.

Есепті кезеңде макроэкономикалық айнымалылардың әсерін талдау жүргізілген жок. 2021 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жүргізілген соңғы талдау нәтижелері бойынша дефолт деңгейі мен макроэкономикалық факторлар арасында байланысты болуы расталмады, осыған байланысты макроэкономикалық фактор 100% деңгейінде бекітілді (бұл әсердің болмауын көрсетеді).

Банк жылдан кемінде 1 рет LGD ең төменгі мәнін есептеуді жүзеге асырады (күтілетін кредиттік шығындарды есептеуде пайдаланылатын дефолт кезінде туындағы шығындарды бағалау). 2022 жылдың мамыр айында LGD-дің ең төменгі мөлшері 29% - дан 30% - га дейін есті. Бұл резервтердің жалпы мөлшерінің айтарлықтай өзгеруіне себеп болған жок.

Covid-19 пандемиясына байланысты провизияларды есептеу моделін түзету жүргізілген жок. Төлемдердің кейінге қалдыру ұсынылған қарыздарды жіктеу жалпы негізде жүргізілді. PD және LGD параметрлеріне айтарлықтай әсер анықталған жок.

Макроэкономикалық жағдайдың күтілетін кредиттік шығындарға әсерін талдау барысында Банк Әлеуметтік және экономикалық сипаттағы негізгі оқиғалардың салдарын бағалайды, бар сарантамалық пікірлерді ескереді, экономикалық параметрлер мен кредиттік портфельдің мінезд-құлқы арасындағы өзара байланысты анықтайды.

2022 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша есептен шығарылған және кешірілген берешек сомасы 147,3 млн.тәңгені (42 қарыз) құрайды.

Кредиттік тәуекелдің едәуір өсуі. Кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаю фактісін анықтау үшін Банк есепті қунға қаржы құралының қолданылу мерзімі ішінде дефолттың басталу тәуекелін бастапқы тану құніне дефолттың басталу тәуекелімен салыстырады. Бағалау процесінде есепті қүнгі кредиттік тәуекелдің, нақты деңгейі емес, кредиттік тәуекелдің салыстырмалы ұлғаюы қаралады. Банк бірқатар факторларды, оның ішінде нақты клиенттік коржындардың мінезд-құлқы аспектілерін коса алғанда, шамадан тыс шығындар мен күш-жігерсіз қолжетімді болатын барлық негізделген ақпаратты ескереді және болжамды ақпаратты растаймыз. Банк дефолт сәтінде дейін кредиттік тәуекелді ұлғайтудың мінезд-құлқы белгілерін және жеке қурал немесе коржын деңгейінде кредиттік тәуекелді бағалауга тиісті болжамды ақпаратты енгізуіді айқындаиды.

4 Есепсаясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар

Егер клиенттерге барлық кредиттер мен алғытөлемдер бойынша күтілетін кредиттік залалдар бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар ретінде бағаланса (яғни, қазіргі уақытта 1-себette тұрғандарды қоса алғанда және 12 айлық күтілетін кредиттік залалдар ретінде бағаланса), 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша күтілетін кредиттік залалдарға арналған бағалау резерві 4,908,072 мың теңге болатын еді. Қалған барлық факторлар өзгеріссіз қалады.

Егер құнсызданған кредиттер бойынша дефолт (LGD) жағдайында шығындар 100% болса, онда күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резерві 6,023,720 мың теңгеге ұлғаятын еді. Қалған барлық факторлар өзгеріссіз қалады.

Нарықтық бағадан төмен мөлшерлеме бойынша қаржы құралдарының әділ құны. Банктің қолданыстағы тарифтік бағдарламаларына сәйкес тұрғын үй қарыздары, алдын ала тұрғын үй қарыздары және халықта ұсынылатын аралық тұрғын үй қарыздары 2%-дан 12%-ға дейін, тұрғын үй қарыздары бойынша 2%-дан 5%-ға дейін сыйақы мөлшерлемесіне ие. Тұрғын үй қарыздары әлеуетті қарыз алушының жинақ шотында шарттық сомадан 50% жинақ болған жағдайда, бағалау көрсеткішіне жеткен және жинақтаудың ең аз мерзімі кемінде үш жыл сакталған кезде беріледі. Аралық тұрғын үй қарыздары мерзімінен бұрын жинақтау немесе кейіннен шарттық сома шегінде кредит беру арқылы ең аз қажетті соманы (шарттық соманың кемінде 50%-ы) бір мезгілде енгізу шартымен беріледі. Алдын ала тұрғын үй қарызы негізгі борышты өтеу шартынсыз шарттық сома алынғанға дейін беріледі, ол бойынша қалдығы шарттық сома есебінен өтеледі. Бұл ретте жинақтар бойынша сыйақы мөлшерлемесі 2% құрайды.

Банк қарыздар да, жинақтар да бірегей болып табылады және нарықта мұндай өнімдер жоқ деген корытындыға келді. Демек, негізгі немесе неғұрлым тиімді нарық үшін қолданыстағы баға болып табылатын операцияның бағасы мәміле бойынша шығындарды ескере отырып, кейіннен түзетуді қажет етпейді. Оған мемлекеттік бағдарламалар шенберінде берілген кредиттерді қоса алғанда, женілдікті мөлшерлемелер бойынша берілген кредиттер жатпайды. Осы кредиттер бойынша бастапқы тану кезінде Банк женілдікті мөлшерлемелер бойынша берілген кредиттер бойынша есептелген орташа өлшемді ставка бойынша әділ құнды түзетеді (Әділ құнды айқындау әдістемесінә сәйкес).

Мемлекеттік бағдарламаларды және жергілікті атқарушы органдардың бағдарламаларын іске асыруға тартылған қаржы құралдары бастапқы тану кезінде ұксас қаржы құралдары үшін қарыз алушың орташа алынған пайыздық ставкасын пайдалана отырып, олар бойынша барлық ақша ағындарының ағымдағы дисконтталған құны ретінде айқындалатын мәміле бойынша шығындарды ескере отырып, әділ құн бойынша көрсетіледі. Бұл ретте байланысты тараптардан номиналды құны мен белгілі бір әділ құн арасындағы айырма "Косымша төленген капиталға", басқа занды тұлғалардан, қаржы нарығына қатысушылардан нарықтық емес шарттармен қаржылық қызметтер көрсететін тұлға түрінде, Банктің кірістеріне немесе шығыстарына, "Бақытты отбасы" және "Шаңырак" бағдарламалары шенберінде клиенттерге кредит беруге алынған қаржы құралдары бойынша жатқызылады мемлекеттік субсидия ретінде ескеріледі.

Тәмендегі кестеде мерзімі мен пайыздық мөлшерлемесі бойынша ұксас талаптармен қарыз алу жөніндегі орташа нарықтық ставкалардан айтарлықтай ерекшеленетін келісімшарт талаптары бойынша тартылған каражат ұсынылған және әділ құнды бойынша қаржылық есептілікте танылған.

"Отбасы банк" тұрғын үй құрылтыс жинақ банкі" акционерлік қоғамы
Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа ескертпелер - 2022 жылғы 30 маусым

4 Есеп саясатын қолданудағы манызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

Кредитор	Шарт сомасы	Ескерту	(қазақстандық мың теңгемен)
Казакстан Республикасының Қаржы министрлігі	12,200,000	Шарттың мерзімі 11.07.2012 ж. бастап 18.07.2023 ж. дейін; Номиналды мөлшерлеме - 1%; Нарықтық мөлшерлеме - 4,56%, Дисконт сомасы - 2,949,902; * Есептеу әдісі ¹ .	
	8,000,000	Шарттың мерзімі 22.11.2017 ж. бастап 27.11.2037 ж. дейін; номиналды мөлшерлеме - 0,15%; нарықтық мөлшерлеме - 9,4762%, дисконт сомасы - 5,266,234; * Есептеу әдісі ¹ .	
	24,000,000	Шарттың мерзімі 16.03.2018 ж. бастап 05.03.2038 ж. дейін; Номиналды мөлшерлеме - 0,15%; Нарықтық мөлшерлеме - 8,9601%, Дисконт сомасы - 15,473,120; * Есептеу әдісі ¹ .	
	15,000,000	Шарттың мерзімі 19.12.2018 ж. бастап 20.12.2038 ж. дейін; Номиналды мөлшерлеме - 0,15%; Нарықтық мөлшерлеме - 8,1825%, Дисконт сомасы - 9,333,966; * Есептеу әдісі ¹ .	
	28,000,000	Шарттың мерзімі 06.03.2019 ж. бастап 01.03.2039 ж. дейін; номиналды мөлшерлеме - 0,15%; нарықтық мөлшерлеме - 8,5157%, дисконт сомасы - 17,698,330; * Есептеу әдісі ¹ .	
	50,000,000	Шарттың мерзімі 15.07.2019 ж. бастап 12.07.2044 ж. дейін; номиналды мөлшерлеме - 0,01%; нарықтық мөлшерлеме 9,4056%; мемлекеттік субсидия сомасы - 44,668,567; * Есептеу әдісі ¹ .	
	14,000,000	Шарттың мерзімі 03.12.2019 ж. бастап 03.12.2039 ж. дейін; номиналды мөлшерлеме - 0,15%; нарықтық мөлшерлеме - 8,1869%, дисконт сомасы - 8,713,488; * Есептеу әдісі ³ .	
	49,000,000	Шарттың мерзімі 28.05.2020 ж. бастап 20.03.2045 ж. дейін; номиналды мөлшерлеме - 0,01%; нарықтық мөлшерлеме 13,38%; мемлекеттік субсидия сомасы - 46,774,007; * Есептеу әдісі ³ .	
	10,000,000	Шарттың мерзімі 10.12.2020 жылдан 10.12.2040 жылға дейін; номиналды мөлшерлеме - 0,15%; нарықтық мөлшерлеме - 11,83%, дисконт сомасы - 7,051,328; * Есептеу әдісі ³ .	
	50,000,000	Шарттың мерзімі 29.03.2021 ж. бастап 25.03.2046 ж. дейін; номиналды мөлшерлеме - 0,01%; нарықтық мөлшерлеме - 11,1281%, мемсубсидия сомасы - 46,378,062; * Есептеу әдісі ³ .	
Алматы қ. әкімдігі	32,000,000	Шарттың мерзімі 05.04.2021 ж. бастап 05.04.2041 ж. дейін; номиналды мөлшерлеме - 0,15%; нарықтық мөлшерлеме - 10,9001%, дисконт сомасы - 22,053,161; * Есептеу әдісі ³ .	
	20,000,000	Шарттың мерзімі 06.08.2021 ж. бастап 20.07.2046 ж. дейін; номиналды мөлшерлеме - 0,01%; нарықтық мөлшерлеме - 10,2904% - 10,4105%, Мемсубсидия сомасы - 18,222,200; * Есептеу әдісі ³ .	
	51,000,000	Шарттың мерзімі 31.03.2022 ж. бастап 28.03.2047 ж. дейін; номиналды мөлшерлеме - 0,01%; нарықтық мөлшерлеме - 13,18%, Мемсубсидия сомасы - 48,653,013; * Есептеу әдісі ³ .	
	1,000,000	Шарттың мерзімі 06.11.2017 ж. бастап 15.11.2025 ж. дейін; номиналды мөлшерлеме - 0,01%; нарықтық мөлшерлеме - 9,0230%, дисконт сомасы - 398,409; * Есептеу әдісі ² .	
	1,200,000	Шарттың мерзімі 30.07.2018 ж. бастап 02.08.2026 ж. дейін; номиналды мөлшерлеме - 0,01%; нарықтық мөлшерлеме - 8,4304% - 9,2060%, дисконт сомасы - 467,383; * Есептеу әдісі ² .	
